


13-18 қараша аралығындағы тәрбие жұмысының апталық жұмыс жоспары

Р/с	Өткізілетін іс-шаралар	Түрі	Уақыты	Кімдер қамтылады	Жауаптылар
1	«Толеранттық деген не?»	әңгіме	13.11	8-11	Дошанова А
2	«Конфликт: құрылымы және балалардағы көрініс ерекшеліктері»	кеңес	14.11	Сынып жетекшілерге	психолог
3	Ұлттық валюта күні «Ақшаны тиімді жұмсай аламыз ба?»	пікірталас	15.11	9сыныптар	Жасаганбергенова Б
4	«Ел рәміздері – мақтанышым!»	пікіралысу	16.11	9-10	Жаймахан А
5	Ұжымдағы психологиялық ахуалды анықтау	сауалнама	17.11	Сынып жетекшілер	психолог
6	Құқық бұзушылықтың алдын алу	№4 Кеңес отырысы	18.11	Кеңес мүшелері	Жасаганбергенова Б

13 қараша күні өзін-өзі басқару ұйымы оқушылардың арасында жағымды қарым- қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен сыйлас болуға үйрету, коммуникативті өрісті дамыту мақсатында «Толеранттық деген не?» әңгіме сағат болып өтті.



Кез-келген конфликтінің астарында қандай да бір мәселеге байланысты қарама-қарсы позициялардан, мақсаттардан тұратын ситуация жатады. 14 қараша күні конфликт туралы сынып жетекшілерге «Конфликт: құрылымы және балалардағы көрініс ерекшеліктері» тақырыбында психолог тарапынан кеңес берілді.



15 қараша Ұлттық валюта күні.
Сен ақшаны орынды жұмсай аласың ба?
Ақшаны көп табу үшін не істеу керек? деген сұрақтар төңірегінде жоғары сынып білім алушыларымен экономикалық тәрбие бағыты бойынша «Ақшаны тиімді жұмсай аламыз ба?» тақырыбында пікірталас болып өтті.



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау мен қолдануда мемлекеттік рәміздердің тарихын, мән-мағынасын түсіндіру, жастардың мемлекеттік атрибуттарға деген сүйіспеншілігі мен патриоттығын ояту мақсатында 16 қараша «Ел рәміздері – мақтанышым!» тақырыбында пікірталас болып өтті.



Апта соңында ұжымдағы психологиялық ахуалды анықтау мақсатында психолог ұстаздардан сауалнама жүргізсе, кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырыс болып өтті.

Орындаған: Жасаганбергенова Б